

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 311 "2019-2021 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 407 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 желтоқсанда № 6581 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9–1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 311 "2019-2021 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-10-240 тіркелген, 2019 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшада:

кірістер – "76 607" сандары "76 705" сандарымен ауыстырылсын;

салықтық түсімдер – "9 501" сандары "7 001" сандарымен ауыстырылсын;

салықтық емес түсімдер – "420" сандары "325" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімдері – "68 186" сандары "69 379" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

шығындар – "77 433,4" сандары "77 531,4" сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақта:

екінші абзацта:

"12 163" сандары "11 997" сандарымен ауыстырылсын;

үшінші абзацта:

"1 156" сандары "920" сандарымен ауыстырылсын;

6 тармақта:

"12 937" сандары "11 843" сандарымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында видеобақылау камераларын орнатуға – 1 689 мың теңге;

мынадай мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. 2019 жылға арналған Темір қаласы бюджетінде аудандық бюджеттен 1 000 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түсімі ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің аталған сомасын бөлу Темір қаласы әкімінің шешімі негізінде айқындалады".

2. Көрсетілген шешімдегі 1-қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Т. Оспанов

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов

Темір аудандық мәслихатының
2019 жылғы 18 желтоқсаны
№ 407 шешіміне қосымша
Темір аудандық мәслихатының
2019 жылғы 4 қаңтардағы
№ 311 шешіміне
1-қосымша

2019 жылға арналған Темір қаласы бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер	76705
1			Салықтық түсімдер	7001
1	01		Табыс салығы	2355
1	01	2	Жеке табыс салығы	2355
1	04		Меншікке салынатын салықтар	4646
1	04	1	Мүлікке салынатын салықтар	121
1	04	3	Жер салығы	237
1	044	4	Көлік құралдарына салынатын салық	4288
2			Салықтық емес түсімдер	325
	01	7	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	300
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	300
2	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	25
2	06	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	25

4				Трансферттердің түсімдері	69379
4	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	69379
		3		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	69379
Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	77531,4
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22232
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	22232
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22232
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22232
04				Білім беру	47805
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	47805
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	47805
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	27230
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	20575
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1144
	2			Әлеуметтік көмек	1144
		124		Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1144
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1144
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6350,4
	3			Елді-мекендерді көркейту	6350,4
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6350,4
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1950
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1265
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3135,4

				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу		0
Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				V. Бюджет тапшылығы	-826,4
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	826,4
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары		826,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары		826,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары		826,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК